ХҒТАР 14.37.27

А.Т. Туралбаева
«Өрлеу» БАҰО» Алматы облысы бойынша ПҚБАИ, Алматы, Қазақстан
(E-mail: turalbaeva_a@mail.ru)

Фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі

Аннотация. Білім беру жүйесін реформалау жағдайында біліктілікті арттырудың негізгі принциптері фасилитацияның теориялық мәселелері болып табылады. Мақала фасилитация принциптеріне арналған. Педагог қызметкерді фасилитар ретінде қалыптастырудың негізгі шарты субъект-субъектілі өзара әрекеттестік, ол арқылы өз білімімен алмасуға мүмкіндік алады. Фасилитатор тұлғасы оның өзіндік бағалауы, шығармашылық жұмысы, өзге әріптестерімен тәжірибе алмасу кезінде, оқушылармен кері байланыс кезінде, жинақталған тәжірибемен бөлісу арқылы көрінеді.

Түйін сөздер: фасилитация, педагогикалық фасилитация, мұғалім-фасилитатор, педагог субъектілігі, фасилитация принциптері.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-125-4-74-80

Кіріспе. Білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында әлемнің жетекші экономикасы жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен гүлденуге қол жеткізу екенін тәжірибе мен техника дамуы айғақтап отырғаны баршаға мәлім.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген [1]. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болуда.

Ал бұл өз кезегінде адами капитал сапасын дамыту үшін білім берудің жай-күйімен және өндірісте техника мен ғылымды пайдалану деңгейін көтеруде қазіргі заманда әлеуметтік құрылымның маңызды бөліктерінің біріне айналды. Олар: тұлғаны өмірдің барлық өзгерістік кезеңдерінде тұрақты түрде дамыту, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, кәсібилікке ерте бағыттау және кәсіби ұтқырлықты дамыту т.б.

Бұл ретте 2018 жылдың 10 қаңтарында Н.Ә.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауындағы Білім берудің жаңа сапасы атты кезеңінде: **«Педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын** қайта қарау керек болады», - деп атап көрсетті [2].

Елбасымыздың бұл идеясы бүгінгі таңдағы біліктілікті арттыру жүйесін осы заманғы әлеуметтік, экономикалық, педагогикалық-техникалық, ақпараттық-техникалық даму тұрғысынан жетілдіруді міндеттейді. Ең бастысы, білімін жетілдіріп, жаңа жүйеге көшіп және танымдық-білімдік ақпаратты қабылдап қана қоймайды, реформалаудың белсенді бағыты бойынша әрекетшіл тұлға болуы қажеттігінен туындайды.

Мақсаты: Біліктілікті арттыру жүйесі бойынша фасилитациялаудың теориялық негіздерін айқындау, ұғымды нақтылау.

Зерттеу әдістері: ғылыми түсініктерге ұғымдық-категориялық аппарат түзіліп, теориялық талдау жасалынды.

Талқылау: Жоғарыда айтып өткеніміздей, біліктілікті арттыру жүйесі бойынша кәсіби ұтқырлықты дамыту жолында педагог қызметкер өзінің ғылыми-педагогикалық жұмыстарын қандай да бір ортада жарнамалай алуы, ортадағы басқа субъектілерімен іс-тәжірибе алмасуы арқылы төмендегідей рөлдерді атқарады: *нұсқаушы-тренер, жетекші-ұйымдастырушы, идеялар генераторы, дәріскер, мұғалім-конструктивист, фасилитатор* (педагогикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттар мен технологияларды көп-

теп таратушы, педагог қызметкерлерді шығармашылық даму жағынан қамтамасыз етуші) т.б.

Біліктілікті арттыру жүйесі бойынша бұл аталған рөлдердің атқаратын қызметтерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, *нұсқаушы-тренер* – бұл жүйеде жаңартылған немесе деңгейлік білім беру бағдарламасы бойынша сертификатталған маман. Жаңартылған білім мазмұны бойынша барлық инструкцияны түсіндіре алады. Ал, *жетекші-ұйымдастырушы* – біліктілікті арттыру бойынша курсты ұйымдастырып, білім сапасына жауапты маман. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі *идеялар генераторы* - жаңа идея тудыру және оны жүзеге асырушы, білім беру бағдарламаларын құрастырушы немесе өңдеуші. Білім беру үдерісінде қарапайым дүниені ойлау басқа да, идеяны жетілдіру басқа. Ендеше тың идея табу, сондай-ақ, идея генераторы болу үшін түрлі әдістерді өңдеп шығару жоғары кәсіби қабілеттілікті талап етеді. *Дәріскер* – білім қоры жоғары, кәсіби сөйлеу мәдениеті бар құзыретті маман. *Мұғалім-конструктивист* материалды баяндауға және дайын білімді беруге емес, жаңа білімді өз бетімен алу үшін білім беруші. *Фасилитатор* – ғылым мен практиканың арасындағы кәсіби мәні зор ақпаратты жарнамалаушы, ол маманның кәсіби біліктілігін жетілдіруін, ғылыми және өз бетінше жұмысын, педагогикалық шығармашылығын ұйымдастырушы [3].

Ендеше біз, біліктілікті арттыру жүйесі бойынша негізгі қызметтердің бірі – фасилитациялау жұмыстары жайлы айтып өтейік.

Білімдік парадигмадан таным үдерісіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшу жолында білім парадигмасының философиялық-психологиялық негіздері бойынша педагогикалық қызметтің қалыптасуында фасилитатор ретіндегі қызметінің шарты – диалогтік білім яғни, субъект-субъект диадасындағы өзара байланысының формасы деп түсіндіріледі. Субъектілердің өзара әрекеттестігіндегі басты фактор мұндағы қатысушы педагог мамандардың қызығушылықтары, қажеттіліктері, мақсаттарын түсіну бола алады. Адам санасындағы, әрекетіндегі демократиялық пен ізгіліктің көрінісі толеранттылық болса, ол өз кезегінде педагогтың кәсіби қызметіндегі белгілі әдіспен өзгеріске ұшырап, оның диалогтық бағдары мұғалімнің өмірлік көзқарасында, мінез-құлығында, кәсібіне, өзіне деген көзқарасында, әдістер мен инновациялық ресурс көздерін таңдауында көрініс тауып, оны педагогикалық үдерістің фасилитаторына айналдыра алуы мүмкін.

Білім беру орталығы ретінде біліктілікті арттыру жүйесінде педагог қызметкер өзінің білім алу үдерісін белсенділікпен құрып, білімділік ортасында өзінің белгілі бір даму траекториясын таңдайды.

Оқытушының маңызды функциясы — білім алушыға(мұғалім немесе педагог қызметкер) оның қызметінде қолдау көрсету: оқу ақпараты ағынында ілгері табысты жылжуына ықпал ету, түрлі ақпараттардың ауқымды көлемдерін меңгеруде көмектесу, туындаған мәселелердің шешімдерін жеңілдету, өзінің қабілеттерін, өзінің жеке қасиеттерін түсінуде, өз бетінше дамуына, өз бетінше жетілуіндегі қажеттіліктеріне қолдауды қамтамасыз ету. Дүниежүзілік білімділік қоғамдастығында осыған орай, оқытушылардың бұл функциясын ерекше атап көрсететін — *facilitator — фасилитатор деген атаумен* жаңа термин *пайда болды(білім алуына, тәжірибе алмасуына, шығармашылық жұмыстарын, ғылыми материалдарын жариялап көрсетуге ықпал етіп, жеңілдететін, көмектесетін тұлға)* [4].

Фасилитатор тұлғасы — өз бетінше ықпал етудің, өздігінен ізденудің, өз шығармашылық жұмыстарын басқа әріптестеріне жариялап, ұтымды пікір алудың, озық тәжірибесін таратудың маманы. Бұл ретте ғалым Т. Манның пікірі бойынша *фасилитатор*

келесі икемдерге ие болуы тиіс:

- пікірталасты қажетті арнасына бағыттау және құрылымдау;
- топтың шын мәнісінде табысты шешімдерін іріктеу;
- өзіне тәуекелді алу, өзін және фасилитация қатысушыларын жайлылық аумағынан шығару;
- әртүрлі топтармен жұмыс жасау;
- сұхбаттардың және кездесулердің барлық форматтарында бағдарлану;
- топпен жұмыс жасау барысында түрлі құралдар мен техникаларды үйлестіре білу;
- жағдайдың өзгеруіне, қатысушылардың қиыншылықтарына жылдам әсер ету және сәйкесінше, оларды жылдам жеңіп шығу;
- күйзеліске төтеп беру;
- адамдарға ашылу, оларды жеке басының өзгеруіне мотивация беру [5].

Сонымен бірге фасилитатор іс-шараға қатысушыларға толығымен пікірталас объектісіне назар аударуға мүмкіндік беретін талқылаудың ұйымдастырылуына жауапкершілік алады.

Фасилитатор конструктивті диалогты қолдап, талқылаудың барлық қатысушыларына назарды тең аударады, пікірталасты тиімді басқарып, оған өзі кіріспейді. Ондай кездесудің нәтижесі ретінде топпен мүмкін болатын шешімдердің ең таңдаулысының қабылдануы алға шығады.

Алғаш рет бұл термин қолданысқа К. Роджерспен 1969 жылы шыққан «Оқу еркіндігі» кітабында енгізілген. Автордың пікірінше, «білім берушінің бастапқы міндеті білім алушыға оқу мүмкіндігін беруде, оның жеке танымдық қасиеттерін қолдауда тұрады» [6]. К.Роджерс білім беру сапасын жақсартуды педагогтың оқу фасилитациясы бойынша мүмкіндіктерімен байланыстырады.

«Фасилитация» ұғымы алғашқы рет қарапайым және белгілі тапсырмаларды табысты орындауға қызықтыру деген мағынаны берсе, қазіргі уақытта педагогикалық мамандар шоғырланған ортада адамның басым реакцияларын күшейту дегенді білдіреді.

Осындай педагог мамандардың басым көпшілігі білім алатын орталықтардың бірі бүгінгі таңда «Өрлеу» БАҰО мамандарының фасилитация қағидалары мен ережелеріне сәйкесінше, халықаралық, республикалық, облыстық және аймақтық деңгейдегі білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған пленарлық отырыстар, онлайн семинарлар, форумдар, конференциялар, педцентризмдер, педагогикалық идеялар понарамалары, брифингтер, воркшоптарды, кәсіби-диалогтық алаңдар және т.б. іс шараларын ұйымдастыруда фасилитация әдісі өте тиімді. Яғни, стратегиялық жоспарлау сессияларында пайдалануға болатын құрал. Айтарымыз, осындай ұйымдастырылған жұмыстар өз кезегінде қатаң бір тәртіпте өткізіліп, пікір білдіретін, идеялар ашық жарияланбай қала беретін, жалпы айтқанда, барлық мүмкіндіктер қарастырыла бермейтін жиындарды талқылау үдерісінен ығыстырып шығарды.

Сондай-ақ, фасилитация (ағылшын facilitate — көмектесу, бағыттау, жеңілдету) – бір уақытта топтық талқылауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін үдеріс, идеялар тобы және инновациялық құралдардың жиынтығы (ru.wikipedia.org).

Біліктілікті арттыру жүйесінде жүргізілетін фасилитацияның мақсаты: педагог қызметкерлердің білімін жетілдіру жағдайында топқа жасампаздықпен және нәтижелі жұмыс жасауға мүмкіндік беретін сенімді әдісті іздеп табу. Басқа сөзбен айтқанда, бұл топтық жұмысты ұйымдастыруға бағытталған арнайы әрекеттер.

Тыңдаушылармен жұмыс жүргізу үстінде негізгі мәселені талқылау әдетте бір немесе бірнеше топта өтеді. Топтық фасилитация – бұл топтың көшбасшысы оның шеңберінде бейтараптық айқындамасына тұрып, өзіне шешімнің қабылдануын жүктемей, қатысушыларға тек қатысушыларға мәселелерді сәйкестендіріп, конструктивтік талқылау

көмегімен шешім қабылдауға ғана көмектеседі. Бұл жағдайда тіпті топтан көшбасшы ретінде фасилитатор шыға алады.

Білім беру үдерісінде фасилитация, педагогикалық фасилитация ұғымдарының мән-мағынасы жайлы ғылымда түрлі көзқарастар қалыптасқан. Мәселен,

-көпшілік зерттеушілер: фасилитация ұғымының мән-мағынасын әрекет етудегі «жеңілдік» деп білдіреді;

-келесілері: фасилитация — икемді технология. Бұл үдерісте педагогикалық техникалар мен құралдардың сан алуаны қолданылады (өз жұмысын жарнамалап көрсетуде пайдаланылатын ресурстар), сондай-ақ қатысушылар бір тақырыппен ғана шектелмейді деп түсіндіреді;

-ал енді үшіншілері: фасилитация педагогикалық жағдаяттардың шешімі үшін жарамды, мысалы күрделі шешім қабылдауда және жаңа технологияларды енгізуде қызмет атқарады деп пайымдайды (1-суретте).

Біліктілікті арттыру жүйесінде педагог мамандардың қызметіндегі субъектіліктің қалыптасуы өте маңызды. Педагог қызметтің субъектісі болады, егер ол өзін қандай да бір дайындаған жұмыстарының, ұсынатын негізгі идеяларының субъектісі ретінде қарастыруда қарым-қатынасқа ие болса, онда фасилитациялық амал іске асады деп айтуға болады. Осыған сәйкес білімін жетілдіру кезінде оқытушы педагог мамандардың танымдық әрекетін қолдауда мынадай позицияларға аса көңіл бөлуі қажет:

-қатысушылардың ішіндегі лидерлердің, топ белсенділерінің ғана емес, барлығының көзқарастарына көңіл бөлу, оларға қолдау көрсету;


-педагог мамандардың пікірлеріне шынайы қызығушылық, конструктивтілік таныту;

-басқаның ойын қабылдауға үйрету;

-қисынсыз мазмұндарды қабылдауға мәжбүрлемеу;

-топ ішінде айтылған ой-пікірлердің сыналуына, баға берілуіне жол бермеу және т.б.

Субъектіліктің пайда болуына, ең алдымен, әрекеттегі жекелікте педагогикалық тың ойлар мен әрекеттерге сыни және шығармашылық көзқараста болу жолында педагогикалық өзара әрекеттесу үшін фасилитациялық ұстанымы жетекшілік жасайды.



Сурет 1. Фасилитация ұғымының мән-мағынасы

Бүгінгі таңдағы реформалау жаппай жүріп жатқан кезеңде фасилитациялау – біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі болып отыр. Сондықтан фасилитациялау ұстанымының негізгі идеяларына мыналарды жатқызамыз:

-тұлғаның еркіндігі туралы;

-өзін-өзі іске қоса алуы жайлы;

-адамның даралығы жайлы;

-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету турасында;

-қатысушы мамандардың тең құқықты әрекеттері.

Мұндағы педагогтың субъектілігі мұғалімнің оқушыға өзіндің құндылық ретінде және оның меншікті оқу қызметінің субъектісі және меншікті субъектілік ретіндегі қатынасына жол ашады.

Біліктілігін арттырған педагог қызметкерлердің білім беру ісіне келгенде ішкі дүниесінің күрделілігі мен алуан түрлілігі, оның өзіне және басқа адамдарға деген қызығушылығы, өзі мен басқаларды оң көзқараспен қабылдауы мектеп оқушылары дамуына ықпалын тигізеді. Оқушы субъектілігінің іске асырылмауы оның бірінші сыныптан бастап, оқуға қызығушылықтың жоғалтуына, ал келешекте өзінің тұтас білімділік әрекетіндегі мәнінің доғалуына, оқу әрекетіне жалпы теріс қатынастың туындауына жетелейді. *Осы қарым-қатынастардың өзара шарттасуы педагог субъектілігінің ерекшелігін құрайды.* Бұл дегеніміз, курс барысында ұйымдастыру жұмыстарына сәйкесінше, фасилитацияның ретін келесідей келтіруге болатындығын келесідей реттейді:

- Кіріспе. Курс тыңдаушыларынан құрылған топтар бойынша жұмыс тақырыбын, мақсатын, формасын, топ алдында тұрған міндеттерге тоқталып, ұсынылымдар мен таныстырылымдар оқытушылардың фасилитациялауды өзіндік бір реттілігімен іске асыруға мүмкіндік туғызады.

Мысалы, біліктілікті арттыру жүйесіндегі ұйымдастырылатын оқытудың формаларын көрсету.

- Аудитория үшін мәселе қою. Жұмыс нәтижелі болуы жағдайында қойылатын мәселе ашық, әртүрлі жауаптар болатындай етіп ұсынылуы тиіс.

- Топ болып қойылған мәселені талқылау, шешім қабылдау.

- Басты идеяларды жинақтау, жалпы қорытындылар жасау.

- Рефлексиялау.

Қорытынды. Фасилитация – анағұрлым жоғары сапалы және практиканың заманауи сұраныстарына сәйкес келетін барлық саладағы кәсіпқойларды оқытудың құралы деп есептейміз. Іс жүзінде білім алушы онда туындаған сұрақтар санына сай келетін мөлшерінде ғана меңгереді, яғни оның оқу үдерісінде белсенділігіне қарай атқарылатын жұмыстар тыс қалып қоюы ықтимал. Сондықтан фасилитациясыз жүргізілетін жұмыстардың материалдық, эмоционалдық және қисынды құрылым тұрғысынан баяндалуы ешқандай да оң нәтижеге жеткізбейді деп санаймыз. Фасилитация ұстанымы арқылы білім алушылармен жұмыс жүргізуде олардың саналы түрде материалды меңгеретіні анық деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттермен жүргізілген талдаулардың негізінде біз фасилитация технологиясын меңгеру үшін эмпатия, рефлексия, көшбасшылық пен коммуникативтілік секілді қасиеттердің дамуындағы жеткілікті деңгей алғышарты болады деген қорытындыға келдік. Бірақ одан өзге, фасилитатор болу үшін оқытушыға осы феномен туралы ғылыми, жүйелі білімдер қажет.

Біздің пікірімізше, білім алушылардың нақты үдерісте тиімді қатысуға бейімділігін кәсіпті меңгеруге бағдары, білуге, оқуға мотивациясы, сонымен қатар танымдық белсенділігі секілді сипаттамаларымен анықтауға мүмкін екендігін алға шығарамыз.

Мақала барысында фасилитация, фасилитатор, фасилитацияның мән-мағынасы, іске асырушы амалдары және ұстанымдары түзіліп, олар әрқайсысы өз кезегінде біліктілікті арттыру жүйесі бойынша атқаратын қызметтерін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, біліктілікті арттыру бойынша оқытушы-фасилитатор болу - әкімшілдік басқарудан бас тарта отырып, қарастырылатын мәселені терең білу, «жеңілдете» отырып, оқытудың теориясы мен техникасын жақсы білу деген түсінік қалыптасады.

Біз, біліктілікті арттыру жүйесі бойынша психологиялық фасилитация, педагогикалық фасилитация, фасилитациялау мәселесінің ережелерін, техникаларын, олардың бизнес жағдайындағы фасилитациядан ерекшелігін және кәсіби-педагогикалық фасилитация алгоритмін келесі материалдарымызда ұсынатын боламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
2. Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. - Астана, 2018.
3. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Шұғыла, 2012. – Б. 211.
4. Мирсеитова С. Успехи и вызовы. – Алматы: Раритет, 2004. – 220 с.
5. Димухамедов Р.С. Обновление научных основ педагогики повышения квалификации. – Челябинск: Изд. ЧПГУ, 2005.
6.Роджерс К.Р. Взгляд на психотерапию. Становление человека. - М.: Издательская группа Прогресс; Универс, 1994. - 480 с.

А.Т. Туралбаева

Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Алматинской области, Алматы, Казахстан

Фасилитация как один из основных принципов системы повышения квалификации

Аннотация. В условиях реформирования системы образования одним из основных принципов системы повышения квалификации являются теоретические вопросы фасилитации. Поэтому данная статья посвящается принципам фасилитации. Одним из условий формирования педагогического работника как фасилитатора является передача знания во время диалога, в форме субъект-субъектного взаимодействия. Личность фасилитатора в данном случае отражается в его самооценке, в творческом самовыражении, в обмене опытом с другими коллегами, в обратной связи с учениками и в продвижении накопленного передового опыта.

Ключевые слова: фасилитация, педагогическая фасилитация, учитель-фасилитатор, субъектность педагога, принципы фасилитация.

A.T.Turalbayeva

National Center for Professional Development «Orleu» «Institute for professional development of Almaty region, Almaty, Kazahstan

Facilitation as one of the basic principes of the advanced training system

Abstract. The condition of activity as a facilitator in the formation of pedagogical activity is the acquisition of knowledge about the dialogue as a form of interaction between the participants of the pedagogical process in the form of subject- subject-the subject innge relations. The personality of the facilitator is characterized by constant independent development, the need for constant search for new ideas, as well as the facilitator needs to show his creative achievements to colleagues and share experience of pedagogical.

Keywords: facilitation, pedagogical facilitation, teacher-facilitator, pedagogical subjectivity, principles of facilitation.

References

1. Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2016-2019 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy [State program of development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2016-2019], Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 1, 2016 № 205.
2. N.A.Nazarbayevtyn 2018 zhylgy 10 қantardagy «Tortinshi onerkasiptik revoljucija zhagdajyndagy damudyn zhana mүmkindikteri» atty Halykka Zholdauy [N.Nazarbayev on 10 Jan 2018 «New possibilities of development in the Fourth industrial revolution» to the People], Astana, 2018 zh. January 10.
3. Turgynbaeva B.A. Bolashak mugalimderdin әleuetin damytu: kasibi shygarmashylyk zholynda [Development potential of future teachers: towards professional creativity] – Almaty: Shugula, 2012. - P. 211.
4. Mirsaitova C. Uspehi i vyzovy [Successes and challenges]. – Almaty: Rarity, 2004. – 220 P.
5. Dimukhametov R.S. Obnovlenie nauchnyh osnov pedagogiki povyshenija kvalifikacii [Update the scientific foundations of pedagogy training] – Chelyabinsk: Ed. CHSPU, 2005.
6. Rogers K. R. Vzgljad na psihoterapiju. Stanovlenie cheloveka [Perspective on psychotherapy. Becoming a person] - Moscow: publishing group Progress; University, 1994. - 480 p.

Автор туралы мәлімет:

Туралбаева А.Т. – философия докторы(PhD), басқару және білім сапасы кафедрасының меңгерушісі «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Алматы, Қазақстан.

Turalbayeva A.T. - doctor(PhD), department of management and quality of education Branch of joint stock company «National Center for Professional Development «Orleu» «Institute for professional development of Almaty region», Almaty, Kazahstan.